

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Тақырыбы: **Visual Basic** программалау тілі, құрылымы тақырыбына
дидактикалық материалдар

Шымкент қаласы - 2016

Member of Microsoft Visual Studio



Microsoft **Visual Basic 6.0**

Working Model Edition




Microsoft®



VISUAL
Studio®

This product is registered to:
thuongvn
BKHN

This program is protected by US and international
copyright laws as described in Help About.
Copyright © 1987-1998 Microsoft Corporation



Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Visual Basic-те бағдарламалау негіздері туралы түсінік беру.

Visual basic-те бағдарламалау негіздерін іске қосу жолдарын көрсету, жүйелі жұмыс жасауға үйрету. Visual Basic-те бағдарламалау негіздері терезесі мен қосымша беттерімен таныстыру.

Дамытушылық: Оқушылардың білімін арттыру, VB ортасымен қолдануға үйрету.

Тәрбиелік: Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, бейімділігін ояту, істеген жұмысынан қорытынды ала білуге, шапшандыққа машықтандыру.

Сабақтың әдіс-тәсілдері: түсіндіру, мағынаны ашу, өз бетімен жұмыс.

Көрнекіліктер: компьютер, интерактивті тақта, тапсырмалар, электрондық оқулық, флипчарт.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу, жоқ балаларды белгілеу.

II. Өтілген сабақты қайталау (Үй тапсырмасы):

Visual Basic - бағдарламасының компоненттері және олардың негізгі сипаттамалары

TextBox, Label, List және CommandButton компоненттерін қолданып қосымша жасау.

TextBox – қосымшаға әртүрлі ақпарат енгізу және шығару үшін қолданылатын компонент. Қосымша орындалғанда бұл өрісте жазылған мәтін редакцияланады.

TextBox-тің негізгі қасиеттері: **Name** -объектіге ат беру, **Text** – өріске мәтін енгізу.

Alignment – мәтінді сол жақпен, оң жақпен немесе ортамен түзету.

Label – ақпаратты шығару үшін қолданылады. Көптеген қасиеттері **TextBox**-ке үксайды, ал одан өзгешеліктері:


Label –дің өзіне тән қасиеттері: **Caption** – жазу орнату. Бұл қасиетке мән беру кезінде кез-келген әріптің алдына **&** амперсенд белгісі қойылса сол әріптің асты сызылып тұрады. **AutoSize**- объектінің шекара өлшемдерін жазудың ұзындығына байланысты горизонталь бағытта автоматты түрде созатын бульдік шама.

WordWrap – объектінің шекара өлшемдерін вертикаль бағытта созу.

BolderStyle – жазу алаңының түрін өзгерту, бұл қасиеттің мәнін

1- FixedSingle шамасына орнатса жазу алаңы **TextBox** секілді өзгереді, бірақ ондағы жазу редакцияланбайды.

ListBox компоненті бірнеше мәтіндік қатарлардан тұратын тізім жасау үшін қолданылады.



- Дискжетектер тізімі белгішесі.
- Ауыстырып қосқыш белгішесі.
- Фигура белгішесі.
- Командалық түйме белгішесі.
- Ақпаратты зерттейтін, өңдейтін жаңа ғылыми пән.
- Үстіне жазу өрісі белгішесі.
- Графикалық өріс белгішесі.
- Берілгендер элементі белгішесі.
- Файлдар тізімі белгішесі.
- Каталогтар тізімі белгішесі.
- Жалауша белгішесі.

Кроссворд жауаптары:

- Дискжетектер тізімі белгішесі. (DRIVELISTBOX)
- Ауыстырып қосқыш белгішесі. (OPTIONBUTTON)
- Фигура белгішесі. (SHAPE)
- Командалық түйме белгішесі. (COMMANDBUTTON)
- Ақпаратты зерттейтін, өңдейтін жаңа ғылыми пән. (ИНФОРМАТИКА)
- Үстіне жазу өрісі белгішесі. (LABEL)
- Графикалық өріс белгішесі. (PICTUREBOX)
- Берілгендер элементі белгішесі. (DATA)
- Файлдар тізімі белгішесі. (FILELISTBOX)
- Каталогтар тізімі белгішесі. (DIRLISTBOX)
- Жалауша белгішесі. (CHECKBOX)

Рэбус "Онепамор"



””””

””””



”””””



Ребус «Интерфейс»



””””



”””



”

”



””””